

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

**ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ АУЫЗ
ӘДЕБИЕТІНІҢ РОЛІ**

А.Ш.Тлеулесова

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті
П.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Қазақ және орыс тілдері
кафедрасының меңгерушісі.
Астана, Қазақстан*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаты да Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту болып отыр [1].

Бұл міндеттер, Қазақстан Республикасының беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен елжандылық, сүйіспеншілік пен мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа жаналықтарының, тарихи әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік пәнді меңгеру» деп айрықша аталып көрсетілген.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысын мектепке қойып отырған талап тұрғысынан қарастырғанда, патриоттық білім беру маңызды мәселе болып отыр. Патриоттық білім қоғамда білімнің тез және шапшаң қарқынмен дамуына байланысты туындауда. Өйткені, оқушылардың мектепке алған білімдерімен шектеліп қалуына болмайды. Әр оқушы білімді өздігінен ізденіп, ғылыми және техникалық ақпараттардың ағымына бағдар ұстау дағдысын қалыптастыру қажет.

Қазақ халқының батыр ұлы, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы: «Патриотизм-Отанға мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығын қоғамдық мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, патриотизм -мемлекет деген ұғымды, оны жеке адаммен барлық жағынан өткенімен бүгінгі күнімен болашағымен қарым-қатынасын біріктірді», -деп атап көрсеткен.

Бүгінгі тандағы патриоттық тәрбие жекелеген бағыттарға ғана емес, қоғам құндылықтарына қарай бағыт ұстайды. Өйткені патриоттық сезімнің басты нысанасы- отан, оның мазмұны: туған жер, табиғат, дін, тіл, дәстүр, тарих, әдебиет, өнер. Олар жеке тұлғаны ерекше жылылық, сүйіспеншілік сезіміне баулып, патриоттық сезімнің қайнар көзі болады.

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке, Абылай елі мен жері үшін қасық қандары қалғанша ат үстінен түспеген қазақ хандары.

Қазақ халқының біртуар ұлдары Ш.Уәлиханов Ы.Алтынсарин А.Құнанбаев А.Байтұрсынов М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов Ш.Құдайбердиев М.Дулатов М.Шоқай, Т.Рысқұлов С.Сейфуллин І.Жансүгіров Б.Майлин т.б. өз ұлтының нағыз патриоттары екендігін сөзімен де, ісімен де дәлелдеген ұлы тұлғалар. Олар ұлт азаттығын, оның өркениетті ел болуын көксеп, астарды елін сүйеге, ұлтын қадірлеуге, Отанын қастерлеуге шақырған.

Майдангер ақын-жазушылар Б.Момышұлы Ә.Нұршайықов Қ.Аманжолов Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов Б.Бұлқышев М.Ғабдуллин шығармаларында патриотизмнің Ұлы Отан соғысындағы өшпес үлгілерін жастарға өнеге етіп бір көрсетсе, екінші бір жақтан «патриотизм» ұғымының мәні мен мазмұнын өрелі ой-толғауларында жеткізуге ұмтылған.

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің іс-тәжірибелерін зерттеушілер олардың әдістері, формалары мен мазмұнын анықтаған.

Атап сайтсақ, С.Ешімханов, С.Иманбаева, Л.Сейдахметова, т.б. ғалымдардың тәрбиені қалыптастырудың *төмендегідей бағыттарын белгілеген:*

- патриоттық білім;
- патриоттық сана;
- патриоттық іс-әрекет.

А.Бижановтың пікірінше: «Патриотизмнің мәні өте күрделі. Бір жағынан, ол ізгілікті саяси үрдіс, яки жеке тұлға хәм қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан, Отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезім болып табылады» – деген. Демек, патриотизм деген ұғымды адамның санасы және сезімімен байланыстырып отыр, демек, болашақ азаматтардың бойына патриоттық сан-сезім орнықтыру қажет екен [2].

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық тәрбиелеу жолдарын қарастыра келіп, олардың, жалпы оқушылардың сана-сезімін қалыптастырудан бастау алған ғана тиімді болмақ. Психологияда адамның жан-дүниесі, сезім-әрекеттеріне екінші сигналдық жүйенің ықпалы мол екендігі айтылады. Сезім қағидалары зат, құбылыстардың ғана ықпалы мен ғана емес, сөздің әсерімен де пайда болатыны белгілі.

Патриотизм өзінің қоғамдық құрлысы, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларындағы оның жетістіктері жолындағы, ғалымдар мен ойшылдардың, жазушы, суретшілердің, дүние жүзілік мәдениетті дамытуға қосқан үлесі жолындағы ұлттық мақтаныш сезімімен тығыз байланысты.

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

Қазақ даласындағы ақын-жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды.

Жыраулар жаугершілік заманда хандар мен бектердің ақылгөй кеңесшісі болып жорықтарға бірге аттанды, ру тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан өріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды оқтап, ел қайғысын шапқыншылығы кезіндегі халықтың береке бірлігін, ат жалын тып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы - өз Отанын дан қорғау екендігін Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Шал ақынша ұлылардың жырларынан көре аламыз. Бұқар жырау:

Ер жігітке жарасар

Қолына алған найзасы,

Би жігітке жарасар

Халқына тиген пайдасы - деген.

Қазақ даласының айбынды ақындарының бірі- Махамбет Өтемісұлы қазақ шаруаларын бостандық үшін күреске шақырып, қара халықты бақытқа жеткізуді өмір бойы армандап өткен. Ол өзінің үзеңгілес серігі Исатай мен халықтың ерлігін, олардың адамгершілік қасиеттерін жыр етеді.

Қазақ халқының қай ұлы тұлғаларын алсақта, халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, ғылым-білім, үйрен дей келе, патриоттық тәрбие беруді ең бірінші өзекті мәселеге қояды.

Ал академик- жазушы Мұхтар Әуезов: «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, сол халықтың өткендігі өмірін, аңсау- арманын, әдет- ғұрпын көрсетеді», - деп ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәнін айқын ашып көрсетті [3].

Халқымыздың асыл қазынасын сабақтың кейбір тақырыптарымен байланысты тиімді пайдалану, оның салт- дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз.

Қ.Бөлеев: Ауыз әдебиеті- халық бұқарасының тәрбиелеу және оқыту туралы ғасырлар бойы жинақталған тәжірбиелері мен білімдері. Өйткені, қазақ халқы «ғылыми негізі- тәжірбие, даналық негізгі-білім», - деген [4].

Ауыз әдебиеті тәрбиенің қайнар бастауы болып табылады. Өмірдің талай- талай кезеңдерінен өтсе де маңыздылығын жоймай келе жатқан халықтық тәрбиенің негізін алу ата-ананың да, мектептің және жалпы тәрбие беруші мекемелердің де басты міндеті.

Батырлар жырларындағы басты идеялар-халықтық гуманизм мен патриотизм. Оларда батырлардың үстем тап өкіл-деріне қарсы ұлы ерліктері,

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

мінез-құлқындағы ең жақсы қасиеттер-жан дүниенің турашылдығы, шындық сүйгіштік, тендесі жоқ ерлік, халыққа шексіз берілгіштік, өзін құрбан етуге дайын тұрушылық ашып көрсетіледі.

Ал лиро-эпостарда көшпелі ауылдың күнделікті тыныс-тіршілігі бейнеленген. Олардағы негізгі тақырып - жастардың бір-біріне деген шексіз сүйіспеншілігі, басты идея - феодалдық өмір салтының қатты қыспағындағы сүйіспеншілік үшін күрес, ұлттық әдет ғұрыптар мен дәстүрлердің өзіндік өзгешелігі.

Эпостарда халық өмірі тарихындағы шын мәнінде болған оқиғалар: жат жерлік басқыншылармен күрес күнделікті өмірдің қуаныш-қайғысы, биік адамгершілік сезімдер, өмір салты, эстетикалық көзқарастар тауып жатады. Міне, сондықтан да қазақ халқы үшін эпос, басқа да халықтардағы сияқты, адамгершілік көзқарастардың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады. Оның үстіне эпос мазмұнын тыңдаушыларға тартымды беру айтушыға, оның орындау шеберлігіне шешендік қабілетіне, дауысына, бейнелі сөйлей білуіне, музыкалық аспапты меңгере білуіне, дауыс екпінін, ымишара қимылының байлығына байланысты екені даусыз.

Қазақтың аса бай халықтық эпосы халықтың ой арманы мен мақсат-мүддесін білдіреді, әрі адамгершілік және патриоттық тәрбие беруде, жеке адамды рухани жағынан байытып отыруда үлкен маңызы бар. Эпостарда бейнеленген бағалы педагогикалық идеялар балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беруге олардың ой-өрісін дамытып отыруға жәрдемдесті.

Эпос, дастан, ертегі, мақал-мәтелдер, тарихи аңыз-әңгімелер түрінде біздің заманымызға дейін жеткен ауызекі халық шығармалары күні бүгін де патриоттық тәрбие берудің негізгі құралы саналады.

Сөйтіп, қазақ халық педагогикасындағы патриоттық тәрбиенің ықылым ғасырларда туған прогресшіл әдіс-тәсілдері мен құралдары бүгінгі таңда да күнделікті практикада тәрбие міндеттерін шешуге өз үлесін қосып келеді. Демек патриоттық қасиетті баланың бойына дамытуда халқымызды ертеден келе жатқан тәрбиесі. Халық өз Отанының мәдениетін жасаушы және орасаң зор гүлденуіне қатысушысы, рухани және құнды дүниені толықтырушы болып табылады.

Қазақтың халық шығармасында мейлінше ірі түрі - эпос. Қазіргі кезде Қазақ Ғылым академиясының қорында жүз алпыс бес эпос пен поэмалар бар.

«Қырғыз-қайсақтар (қазақтар -табиғатында ақылды боп жаралған және өте сезімтал халық). Ежелгіні жырлап отыратын әр руда ақындар бар. Қырыз-

mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya

қайсақтарда эпос, аңыз, ертегі көп. Олар эн мен кўйді қатты құрметтейді»,- деп жазады Шоқан Уәлиханов.

Қазақ эпостарында еңбек сүйгіштік, патриотизм, рулар мен тайпалардың өзара гуманистік қатынастары, әйелдерді қадірлеу, ақсақалдарға құрметпен қарау, адамгершілік, батылдық, балаларға қамқорлық, мейірбандық, туған табиғаттың әсемділігі т. б. жырланады [5].

Ал эпостың батырлар жырына («Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» т.б.) және лиро-эпосқа, яғни әлеуметтік-тұрмыстық жырларға «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан» т.б.) мәлім. Батырлар жырларындағы басты идеялар - халықтық гуманизм мен патриотизм. Оларда батырлардың үстем тап өкілдеріне қарсы ұлы ерліктері, мінез-құлқындағы ең жақсы қасиеттер - жан дүниенің турашылдығы, шындық сүйгіштік, теңдесі жоқ ерлік, халыққа шексіз берілгештік, өзін құрбан етуге дайын тұрушылық ашып көрсетіледі.

Жас ұрпақты жарасымды әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеу- біздің міндетіміз деп білеміз. Аға ұрпақтың сөзі тәлім-тәрбиенің көзі деп тегін айтылмаса керек. Сонымен қатар, мектеппен тығыз қатынас жасай отырып, балаларға батырлар жырын оқытып, аңыз-әңгімелер, жаңылтпаштар айтқызып, ой-өрісін кеңейтіп тілін ширатып, шешендік сөздерді, ұлттық дәстүрлерді талап ете білу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>.
2. Бижанова А. Халық мұрасы. – Алматы: Рауан, 1994.-137 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1992. – 198 б.
4. Бөлеев Қ. Боданов Ж. Қазақтың халық педагогикасы. – Жамбыл, 1992. – 122 б.